

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 қаңтардағы N 28 қаулысына өзгерту енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 мамыр N 575. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.23. N 1749 қаулысымен. ~P001749

Уақыттың бірыңғай өлшемі мен жиілігінің бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы қатысушы мемлекеттер Келісімінің қабылдануына және 1996 жылдан бастап жазғы уақытты қолдану тәртібі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы Еуропалық экономикалық комиссияның ұсыныстамаларына (TRANS/SC, 2/R. 222 құжат) байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының территориясында уақыт есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 қаңтардағы N 28 қаулысына мынадай өзгерту енгізілсін:

1-тармақтың екінші абзацындағы "қыркүйектің соңғы жексенбісінде" деген сөздер "қазанның соңғы жексенбісінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі